

Полиция учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тәртіпті бекіту туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 787 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2123. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 564 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 564 бұйрығымен.

Үзінді:

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін жетілдіру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1

4. "Полиция учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 787 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде N 2123 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетені 2003 жыл, N 11, 816 бет) күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р

Полиция учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілерінің құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Полиция учаскелік инспекторлары мен олардың көмекшілерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тәртіп бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалалары ПББ-нің, облыстардағы ПББ-ІБ-нің және арнайы полиция бөлімшелерінің бастықтары ПББ-ІБ-нің ҚҚБ мен қалалық, аудандық ішкі істер органдарының қызметкерлерінен, полиция учаскелік инспекторларынан және олардың көмекшілерінен сынақтар қабылдау арқылы ішкі істер органдары жеке құрамының әскери және қызметтік дайындық

жүйесінде осы Тәртіпті оқып-үйренуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер вице-Министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.А.Алпысбаев) жүктелсін.

4. "Полиция учаскелік инспекторларының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің 2001 жылғы 5 ақпандағы N 100 бұйрығының (2001 жылғы 17 мамырдағы тіркеу N 1509) күші ж о й ы л д ы деп е с е п т е л с і н .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекетті тіркеуден өткен күннен күшіне енгізіледі.

М и н и с т р

генерал-полковник

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 4 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 7 8 7 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Полиция учаскелік инспекторы мен олардың көмекшілерінің
жұмысын ұйымдастыру туралы**

ТӘРТІП

1. Жалпы ереже

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы учаскелік полиция инспекторлары және олардың көмекшілерінің (бұдан әрі - учаскелік инспектор) жұмысын ұйымдастыру қызметтерінің негізгі бағыттары мен құқықтық ережелерін анықтайды.

2. Әкімшілік учаскелерінде учаскелік инспекторлары өз құзыреттерінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдарымен, оның ішінде осы Тәртіппен ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді орындайды.

3. Учаскелік инспектордың қызметтегі негізгі қағидалары: заңдылықтарды қатаң сақтау және қызмет көрсететін учаскедегі жұртшылықпен ұдайы байланыс, азаматтарға әдеппен, ілтипатпен қарау, қызметтік парызына берілгендік болып табылады.

4. Учаскелік инспектор қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 24 желтоқсанындағы N 1598 "Қоғамдық тәртіпті нығайту және құқық

бұзушылықтың алдын алу мен профилактикасында ішкі істер органдары учаскелік уәкілдерінің ролін көтеру жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысы және басқа да нормативтік актілер құрайды.

5. Учаскелік инспекторының міндеттері:

қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қ а м т а м а с ы з е т у ;

учаскелік инспекторының есебінде тұрғандар тарапынан құқық бұзушылық жібермеуде жеке-дара алдын-алу жұмыстарын жүргізу; заңмен белгіленген құзыреті шегінде, анықтауды және әкімшілік іс жүргізу.

Учаскелік инспекторды осы Тәртіпте көзделмеген міндеттерге және бекітілген әкімшілік учаскеден тыс аймаққа, өзіне байланысы жоқ тапсырмаларды орындауды тартуға тыйым салынады.

2. Учаскелік инспектордың жұмысын ұйымдастыру

6. Учаскелік полиция инспекторының жұмысына тікелей басшылық қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы, басқару жөніндегі аға инспекторлар және аға учаскелік инспекторлар жүргізеді.

7. Әрбір учаскелік инспекторға ішкі істер органы бастығының (бұдан әрі - ПО бастығы) бұйрығымен учаскелік инспекторға әкімшілік учаске бекітіледі. Әкімшілік учаскенің көлемі мен шекарасы белгіленеді және қажет болған жағдайда ПО бастығымен учаскелік инспекторлардың штаттық санын есепке ала отырып, жедел жағдайдың, тұрғылықты халық саны, қаланың, ауданның әкімшілік бөліну, жағдайына және аумақтық ерекшелігіне байланысты қайтадан есептеліп бөлінеді.

8. Учаскелік инспектор белгіленген тәртіппен әкімшілік учаскеге паспорт жүргізеді (1 қосымша), оның ішінде учаскенің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және учаскенің басқа да ерекшеліктеріне, қылмыс пен құқықтық тәртіп жағдайына байланысты талдаулар, қылмыстар жөнінде ақпараттарды к ө р с е т е д і .

Учаскелік инспектор көрсетілген ақпаратты жұмыс үстінде және өзіне бекітілген учаскені зерделеу, жұртшылықпен жеке араласуы арқылы, сонымен бірге қала, аудан органдары бөлімшелерінен, мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан, мекемелерден және басқа да ұйымдардан алады.

9. Учаске паспорты ПО хатшылығында тіркеледі және ол учаскелік инспектордың учаскелік пунктындағы сейфте сақталады. Паспорт парақтары нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі.

10. Учаскелік инспектордың учаскені қабылдауы ПО бастығының немесе оның қызмет жөніндегі орынбасарының, учаскені тапсырушы учаскелік инспектордың қатысуымен мүліктерді және қызметтік құжаттарды

кабылдау-тапсыру актісін ресімдеу ақылы жүзеге асырылады.

Учаскені кабылдау мен тапсыру туралы жазу паспортқа жазылады.

11. Учаскелік инспекторы жоқ кезде (еңбек демалысында болғанда, ауырғанда және басқа жағдайда) оған бекітілген учаскеде қызмет жасау, ПО бастығының бұйрығымен уақытша, көрші учаскеде қызмет ететін басқа учаскелік инспекторына немесе аға учаскелік инспекторға жүктеледі.

12. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының басқарушы және қатардағы тұлғалардың қызметін өтеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 12 желтоқсанындағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қағидасы және Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Заңына сәйкес, ПО бастығы учаскелік инспектордың жұмыс күні тәртібін белгілейді.

13. Учаскелік инспектор ПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығымен бекітілген, бір айға жасалынып және жұмыс дәптеріне енгізілген жоспар (2-қосымша) бойынша жұмыс жасайды.

Бұған қоса жұмыс дәптерінде басшылардың барлық тапсырмалары мен тапсырыстары ескеріледі, сонымен қатар бір күн және бір ай ішінде жасалған жұмыстың қорытындылары және оларды орындаудың белгіленген мерзімдерін көрсетеді.

Апта сайын аға учаскелік инспекторға қарап шығу және бақылау үшін жұмыс дәптерін көрсетеді.

14. Жұмыс күні ішінде, сонымен қатар азаматтарды қабылдау кезінде түскен барлық арыздарды, хаттарды және құқық бұзушылықтар туралы хабарларды, азаматтарды қабылдауды учаскелік инспектор есепке алу журналына (3-қосымша) енгізеді және оларды ПО тіркеуге береді.

Жазбаша немесе ауызша түрде жасалған, немесе дайындалып жатқан қылмыстар туралы жазба немесе ауызша түскен арыздарды, хабарларды шұғыл ПО кезекші бөліміне жібереді, ол туралы азаматтарды қабылдауды есепке алу журналына тиісті жазу жазады (хабарламаны қабылдаған жауапты кезекшінің деректері мен хабарламаны берген уақыт арыз есептеу кітапшаға (АЕК) және хабарларды есептеу журналына (УИЖ) реттік нөмері туралы).

15. Ауылдық жерде учаскелік инспектор ПО кезекшісімен ПО бастығы белгілеген тәртіп бойынша, ал қалада жұмыс уақытының ішінде кем дегенге үш-төрт сағаттың ішінде бір рет байланысқа шығуы тиіс. Учаскелік инспектордың байланысқа шығуы ПО кезекші бөлімінде сақталатын, жедел кезекші жүргізетін тиісті журналда (N 4-қосымша) белгіленеді.

Ол жедел жағдайдың шиеленісу, төтенше оқиғалардың барлық жағдайлары туралы, шұғыл тексерісті немесе шара қолдануды талап ететін қылмыстар мен ақпараттар туралы кезекші бөлімге немесе ПО басшылығына кідірместен баяндайды.

16. Учаскелік инспектор қызмет уақытында белгіленген нысанды киім киеді. Тікелей басшылығының рұқсатымен, арнайы тапсырмаларды орындағанда, ол азаматтық киім кие алады. Қаруды қолдану ережесінен сынақ өткізген соң табельдік қаруды, көзір мен басқа да арнайы құралдарды ұдайы алып жүруге құқылы. Атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығымен белгіленген.

17. Қызмет жасайтын аумақтағы құқықтық тәртіптің жағдайы мен қолданылып жатқан шаралар туралы учаскелік инспектор тоқсанына бір реттен кем емес, жұртшылықты хабардар етеді, ай сайын ПО бастығы орынбасарының қатысуымен болатын қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің (бөлімшесінің) қорытынды кеңесінде есеп береді.

18. Көмекші лауазымы учаскелік инспектордың қоғамдық қауіпсіздікті қорғаудағы, қылмысқа қарсы күрестегі жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ ішкі істер органдарының штатына учаскелік полиция инспекторларының резервтерін құру мен үйрету мақсатында енгізіледі. Оған өз бетінше қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мен құжаттар бойынша процессуалдық шешімдер қабылдаудан басқа осы Тәртіпте көрсетілгендей учаскелік инспектордың барлық құқықтары мен міндеттері толық жүктеледі.

19. Учаскелік инспектор өзіне бекітілген көмекшінің қызметіне тікелей басшылық жасайды, және мына функцияларды орындайды:

1) жұмысты жоспарлайды, оның орындалуын бақылайды, айдың, тоқсанның, жарты жылдықтың және жылдың қорытындысы бойынша жұмыс нәтижесін қорытындылайды;

2) ПО басқа қызмет қызметкерлерімен арақатынасын, қоғамдық бірлестіктермен, меншік түріне қарамастан жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және басқа ұйымдармен, қоғамдық тәртіпті күзету бойынша, қылмыспен күрес бойынша, құқық бұзушылықтың алдын алуды қамтамасыз етеді;

3) мамандық шеберлігін арттыруда, қажетті нормативтік құқықтық кесімдерін оқып үйренуге әдістемелік көмек көрсетеді;

4) қызметтік міндеттерді орындауда тәртіпті және заңдылықты сақтауды бақылайды.

3. Учаскелік инспектордың негізгі міндеттері

20. Учаскелік инспектордың негізгі міндеттері:

- 1) қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесуге, олардың жасалу себептері мен жағдайларын айқындау;

3) өз құзыретінің шегінде алдын ала тергеуді жүзеге асыру;
4) әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру және өз құзыретінің шегінде әкімшілік жаза салу;

5) анықтамадан, тергеуден және соттан бой тасалаған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіруді арнайы тапсырмалар бойынша жүзеге асыру ;

6) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеу ;

7) құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға көмек көрсету ;

8) жол қозғалысы ережесі мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтік актілердің сақталуын бақылауды жүзеге асырудағы міндеттерін орындауға жол полиция қызметкерлерімен қызметтесу ;

9) рұқсат беру жүйесі объектілерін байқауды жүзеге асыру ;

10) кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу жөнінде учаскелік инспекторларға, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлеріне, олардың карамағында есепте тұрған адамдардың тәртібін бақылауда, оларға өзінде бар материалдарды беруде көмектесу .

Есепте тұрған адамдар - олар осы Тәртіптің 21, 22 тармақтарында көрсетілген алдын алу істері жүргізілетін, картотекалық және тізімдік есепте тұратын адамдар ;

11) қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар ;

12) құқық бұзушылықты алдын-алу мәселелері бойынша жұртшылықпен, мемлекеттік органдармен, меншік түріне қарамастан қоғамдық бірлестіктермен, мекемелермен, ұйымдармен, кәсіпорындармен әрекеттесу, сондай-ақ олардың заңды құқықтарын жүзеге асыруға көмектесу ;

13) Қазақстан Республикасы азаматтарымен тіркелу және құжаттану тәртібінің сақталуына, басқа да шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне белгіленген Қазақстан Республикасына кіру және келу тәртібін орындауларына көші-қон полициясы қызметкерлеріне қадағалау жасауға көмек көрсету.

4. Алдын алу есептерін жүргізу және жеке алдын алу жұмысты іске асыру тәртібі

21. Учаскелік инспектор қылмыс немесе басқа құқық бұзушылыққа бейім адамдарды анықтау шараларын қолдануға және олармен алдын алу жұмысын

і с к е

а с ы р а д ы :

1) адамдарға алдын алу істерін жүргізуге (4 қосымша):
аса қауіпті қылмыстардың қайталануын жасағандармен - белгілі тәртіппен олардың сотталғандығы сотпен алынғанша дейін;
әкімшілік қадағалауда тұратындармен - қадағалау мерзімі ішінде;
Қазақстан Республикасы "Бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған азаматтарды әкімшілік қадағалау туралы" Заңының әрекетіне түсетіндерді - бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылғаннан кейінгі үш жыл мерзімі ішінде;

Көрсетілген мерзімі біткен соң осы адамдар, бұрын жасаған қылмысы үшін сотталғандар ретінде есепке қойылады. Олармен алдын алу жұмысын және құжаттарды жүргізу тәртібі құқықтық нормативтік актілермен анықталады;

2) картотекалық есеп жүргізуге:

бұрын жасаған қылмысы үшін сотталғандар (осы Тәртіптегі 21 тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген адамдардан басқа) және бас бостандығынан айыру мекемелерінен босағандарға - сотталғандығы жойылғанға немесе оны белгіленген тәртіп бойынша шешілгенге дейін;

денсаулық сақтау органдарында маскүнем деп танылып диспансерлік есепте тұрғандарға - денсаулық сақтау органдарында есептен алынып тастағанша;

денсаулық сақтау органдарында, медициналық емес нашақорлыққа салынғаны үшін есепте тұрғандар - денсаулық сақтау органдарында есептен алынып тастағанша;

үй тұрмысы жағдайында отбасылық құқық бұзушылықты бір жылдың ішінде екі рет жасағандарға - бір жыл бойы көрсетілген құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазаға соңғы тартылғаннан кейін;

3) денсаулық сақтау органдарында мінез-құлығы асоциалдық бағытталуы мен диспансерлік есепте тұрған қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіруге бейім психикалық аурулар;

спирт ішімдіктерін ішуге, уытқұмарлық және жезөкшелікпен айналысатындарға үй-жайын ұсынатын адамдарға, кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу бөлімшелерде есепте тұрған адамдарға тізімдік есеп жүргізуге міндетті.

22. Осы Тәртіптің 21 тармағында көрсетілген есепте тұрған адамдардың, есепте қайталанбасы үшін, тек бір ғана санатпен және құндылығына байланысты тұрады.

23. Е с е п к е а л у ү ш і н :

сот үкімі, әкімшілік қадағалау қою туралы қаулы, әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы сот қаулысы, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама, ішкі істер органдарының материалдары;

денсаулық сақтау органдарымен маскүнем, нашақор, уытқор деп танылғаны туралы анықтама, әкімшілік жауапқа тартылғаны туралы қаулы, ішімдіктер ішуге, есірткі пайдалануға, уытқорлықпен айналысуға үй-жайын ұсынған адамдарды есепке алу туралы рапорт, психиатриялық диспансер анықтамасы, ішкі істер органдары жедел қызметтерінің іздестіру тапсырмалары негіз болып табылады.

Учаскелік инспектор көші-қон полициясының (Н.Н 7 карточкасы), кезекші бөлімдердің, жедел қызметтердің, қылмыстық-атқару инспекциясының ақпараттары; соттың мәлімдемесі, түзету және медициналық мекемелерінің, оның ішінде арнайы диспансерлердің, жұртшылық өкілдерінің; сондай-ақ азаматтар мен лауазымды адамдардың, өтініші мен хаттарында жазылған ақпараты; бұқаралық ақпарат құралдары жарияланымдарында, құқық бұзушыларды әкімшілік жауапқа тарту туралы және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдарында; қылмыстар және құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеу, ішкі істер органдарына, арнайы қабылдау орындарына, тұрғылықты жері анықталмаған адамдарға арналған қабылдау-тарату орындарына, медициналық айықтырғыштарға жеткізілетін адамдарды тіркеу кітаптары мен журналдарында мазмұндалған ақпараттарды пайдалана отырып алдын ала әсер етуге жататын адамдарды есепке қою үшін уақытында анықтауы қажет.

Алдын алу жұмыстарын жүргізуге учаскелік инспектор тиісті шешім қабылдау үшін ПО бастығымен бекітілетін дәлелді рапорт жазады.

24. Есептен шығару үшін: қадағалау мерзімінің аяқталуы; сотталғандығының жойылуы немесе алынуы; мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелеріне мәжбүрлеп емделуге жіберілуі; бас бостандығынан айырылуы; өлімі; егер қадағалауға алынған адамның түзелу жолына бүтіндей бет бұрғаны анықталса; денсаулық сақтау органдарының есебінен шығарылуы; тұрақты мекен-жайға республика шегінен басқа аймаққа кетуі негіз бола алады.

25. Профилактикалық жұмыстың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырушы ПО бастығы, оның қызмет жөніндегі орынбасары, бөлім (бөлімше) бастықтары учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі аға учаскелік инспекторлар және аға учаскелік инспекторлары.

26. Егер денсаулық сақтау органында созылмалы маскүнем не нашақор, уытқор ретінде есепте тұруды жалғастырса, арнайы емдеу мекемесінен келгеннен кейін есепке қойылады. Тексеру карточкасы дәлелді рапорттың негізінде тоқтатылады.

27. Ауылдық жерлерде есепке тіркелген адамдардың құжаттары ПО үй-жайларында сақталады, ал қалада ПБ бастығының, не орынбасарының бұйрығына сәйкес құжаттар осы ғимараттар мен үй-жайлардың техникалық талаптарына сәйкес болған кезде полиция бөлімшесінде сақталады. Құжаттар ПБ

үй-жайларында сақталу кезінде оларды жүргізу учаскелік инспекторларды басқару жөніндегі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бір инспекторына жүктеледі.

Учаскелік пунктте құпия құжаттарды сақтауға тыйым салынады.

28. Профилактикалық есепте тұрған адамдарға санаттар бойынша алфавиттік тәртіппен бақылау карточкасы ашылады (5 қосымша) олар қоғамдық қауіпсіздік бөліміндегі (бөлімшесіндегі) бақылау карточкаларды есепке алу журналына (6 қосымша) тіркеліп, ПО автоматтандырылған базасына енгізіліп, ай сайын тексеріліп міндетті түрде акт жасалады.

Алдын алу жұмысын жүргізу тоқтатылған адамдарға қатысты алдын алу істері және бақылау карточкалары мұрағатта бес жыл бойы сақталады. Есептен шығарылу себебі көрсетіліп, журналда белгі соғылады. Сақтау мерзімі біткен соң іс қағаздар мен карточкалар белгілі тәртіппен жойылады.

29. Есепте тұрған адамдар басқа жерге көшіп кеткен жағдайда, алдын алу ісі, бақылау карточкалары, сондай-ақ тізімдік есепте тұрған адамдар туралы мәліметтері аумақ бойынша жіберіледі.

5. Аға учаскелік инспектордың міндеттері

30. Аға учаскелік инспектор учаскелік инспекторлар тобының және көмекшілерінің тікелей және тура жетекшісі болып табылады. Ол қызмет көрсететін учаскеде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуы үшін жауап береді. Бекітілген учаскеде қызмет көрсетумен қатар, аға учаскелік инспектор:

1) учаскелік инспекторлардың қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау мен жолын кесуін, ПО басқа қызметтерімен өзара әрекет етуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ учаскелік инспекторлар тобының қызмет көрсететін аумақтардың аймақтарында кешенді алдын алу іс-шараларын өткізуге қатысуларын ұйымдастырады;

2) учаскелік инспекторларға олардың мамандық шеберліктерін арттыруына, полиция штатынан тыс қызметкерлерін таңдау және ұйымдастыру жұмысына, қоғаммен әрекеттесуді бекітуге, құқық бұзушылармен жеке алдын алу жұмыстарды өткізуге, азаматтардың арыздарын, хаттарын қарауға, басқа да қызметтік міндеттерді орындауға көмек көрсетеді;

3) учаскелік инспекторлар тобының айлық, тоқсандық, жарты жылдық, жылдық жұмыс қорытындысын бағалап қорытындылайды және оларды учаскелік инспекторларға басшылық ету жөніндегі бөлімше басшысына тиісті ұсыныстармен баяндайды;

4) әкімшілік учаскедегі құқық тәртібінің жағдайын талдайды, учаскелік инспекторлар тобының жұмысын бір айға жоспарлайды, белгілеп қойылған іс-шаралардың орындалу әдістері мен нысандарын анықтайды және орындалуын

б а қ ы л а й д ы ;

5) қызмет көрсететін әкімшілік учаскеде қылмыскерлер мен құқық бұзушыларды іздестіруді және ұстауды ұйымдастырады және өзі қатысады;

6) учаскелік инспекторларға қызметтік тапсырмаларды орындау тәсілдері мен мерзімдеріне қажетті нұсқаулар береді;

7) жұртшылық жиындарының материалдарын (хаттамаларын, шешімдерін және басқа да құжаттарын) талдап қорытындылайды, жиынмен қабылданған шешімнің орындалуына бақылау жасап, ол туралы ПО басшылығына баяндайды;

8) учаскелік инспекторлар жұмысын бағалайды, олардың қызметтік жұмыстарының нәтижелері туралы тыңдайды, олардың жұмысы туралы ПО басшылығымен қарастырған материалдарды дайындайды, учаскелік инспекторларға қызметтік мінездеме, аттестация, ұсыныстар дайындауға қ а т ы с а д ы ;

9) ПО немесе қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді:

учаскелік инспекторлардың қызметін жетілдіру;
қоғамдық тәртіп жағдайына теріс ықпал жасаушы меншік түріне қарамастан қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың, мекемелердің, кәсіпорындардың жұмысындағы кемшіліктер туралы жергілікті өкілдік және атқарушы органдарға х а б а р л а у ;

бекітілген аумақтағы учаскелік инспектор жұмысының күн тәртібі;
учаскелік инспекторларды көтермелеу және тәртіптік жазаны қолдану;
қылмыстың алдын-алу және жолын кесуде, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, қоғамдық тәртіпті қорғауға белсенділік танытқан азаматтарды к ө т е р м е л е у т у р а л ы ;

10) учаскелік инспекторлар есеп-тіркеу тәртібін және заңдылығын сақтау қызметіне бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ қызмет құжаттарын жүргізуге к ө м е к к ө р с е т е д і .

11) учаскелік инспекторлардың нормативтік актілерді зерделеуін ұйымдастырады және олардың негізгі қағидаларды білу деңгейін тексереді.

31. Аға инспектордың болмаған уақытында (оқуда, демалыста, ауырғанда және басқа да жағдайларда) оның міндеттерін ПО бастығының бұйрығы бойынша бір тәжірибелі учаскелік инспектор орындайды.

6. Учаскелік инспектордың негізгі құқықтары

32. Учаскелік инспектор өз құзыретінің шегінде жүктемеген міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мынадай құқықтарға ие:

1) азаматтардан және лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды, ішкі істер органдарының өкілеттілігін жүзеге асыруда кедергі келтіретін құқық

бұзушылықтар мен әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқылы. Бұл талаптар орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы" заң күші бар Жарлығымен белгіленген тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға дейін;

2) егер жасалған қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылыққа күдіктенуге жеткілікті негіздер болған жағдайда азаматтардың және лауазымды адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге;

3) полицияның учаскелік пунктіне немесе ПО өндірісіндегі істер мен материалдар бойынша, азаматтар және лауазымды адамдарды, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа байланысты жағдайларды анықтау үшін азаматтарды шақыртуға, олардан түсініктемелерді, мәліметтерді, анықтамаларды, құжаттарды, олардың көшірмелерін алуға;

4) әкімшілік заңдарға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша шаралар қолдануға;

5) құқық бұзушылық жасаған әскери қызметкерлерді ұстауға және оларды әскери комендантқа, әскери бөлімдердің командирлеріне немесе әскери комиссарларға тапсыруға;

6) Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жүргізу Кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да құқықтық актілерінде қарастырылғандай тәртіп бойынша анықтама және алдын ала тергеу істерін жүргізуге;

7) қоғамдық орындарда мас күйінде адамдардың қадір қасиетіне, құлықтылығына нұқсан келтіретін жағдайда немесе өзіне не болмаса қоршаған ортаға зиян келтіруге бейімдерді, ал, пәтерлерден онда тұрушы азаматтардың жазбаша арыздары бойынша нұсқалған азаматтың қоршаған ортаға қауіп тудыратын жағдайда оларды дәрігерлік мекемелерге немесе ПО кезекші бөлімдеріне жеткізуге;

8) құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және ескерту арқылы ықпал жасалуға тиіс адамдарды, әкімшілік құқық бұзған және оларды қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат жүйелерін құрауға және пайдалануға, есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға;

9) адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген заңнамамен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге не жеткізуге;

10) құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуға келісім білдірген азаматтармен жария және жария

емес негізде ынтымақтастық орнатуға;

11) кідіртуге болмайтын жағдайларда қызмет мақсатында, қай жерде орналасқанына және кімге тиесілі екендігіне қарамастан (дипломатиялық иммунитет иелігі бар халықаралық ұйымдар мен шетел мемлекеттері өкілдерінен басқа) халықаралық және қалааралық сөйлесуге кеткен шығыстарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға;

12) өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны ПО есебінен өтей отырып, көлік құралдарын п а й д а л а н у ғ а ;

13) әкімшілік бақылауда тұрғандардың тұрғын жайына күннің кез келген мезгілінде барып тұру, оларды белгіленген шектеме бойынша бақылауды, тексеруді жүзеге асыруға;

14) қылмысқа қатысты күдіктілердің ізіне түсуде азаматтардың жеке қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке қауіп төндіретін басқа жағдайларда, азаматтардың тұрғын жайларына немесе оларға қатысты жер учаскелеріне, мекен жайлары мен аумақтарын (дипломатиялық иммунитет иелігі бар халықаралық ұйымдар мен шетел мемлекеттері өкілдерінен басқа) немесе сол жерде қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалады деген мәліметтер болғанда немесе басқа төтенше жағдайларда бақытсыздық оқиға, стихиялық апаттарда, аварияда, эпидемия, эпизотия және жаппай тәртіпсіздікте жеке азаматтардың қауіпсіздігі және қоғамдық қауіпсіздікті қорғауда оларды кедергісіз тексеруге, ішкі істер органдарының өкілі азаматтардың тұрғын жайларына немесе оларға қатысты мекен-жайларға басып кіруге. Участкелік инспектор осындай әрбір жағдай бойынша ПО кезекші бөліміне немесе басшылығына кешіктірмей баяндайды;

15) қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтау мақсатында, сондай-ақ жедел іздестіру шараларын және тергеу әрекеттерін жүргізуге азаматтардың арнаулы учаскелер мен аумақтарға кіруіне уақытша тыйым салуға, оларды белгілі бір жерді тастап кетуге міндеттеуге;

16) көлік құралдарын жүргізуге немесе оларды пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ мас күйіндегі жүргізушілерді көлік жүргізуден босатуға және заңнамамен көрсетілген басқа да жағдайларда;

17) белгіленген заңнамалармен, Қазақстан Республикасы "Жедел іздестіру қызметі туралы" Заңына сәйкес жедел-іздестіру шараларын жүргізуге;

18) қол қою және жіберу:

прокуратура органдарының ішіндегі құқықтық статистикалық және ақпарат орталығына, ішкі істер органдарының хабарламалау орталығына анықтау материалдары бойынша өтіп жатқан азаматтарды тексеру туралы, сондай-ақ алдын алу жұмыстары жүргізіліп жатқан адамдарға, олардың сотталғандығы бар-жоғы туралы немесе олармен жасалған әкімшілік құқық бұзушылық мәліметтері туралы; құқық бұзушылардың жұмыс орындары бойынша азаматтардың арыздарын тексеруге қажетті және кәсіпорын ұйымдарының және мекемелердің сұрауларын орындау мақсатында оларға мінездеме, анықтама және басқа құжаттар беру туралы; медициналық есепте тұрған құқық бұзушылар туралы психоневрологиялық және наркодиспансерлеріне, басқа денсаулық сақтау мекемелеріне олардың ішкілік немесе уытқорлық ауруының бар-жоғына, травматологиялық пункттерге дене жарақаттары жайлы хабарлама жасауға;

19) құнықпа алкогольімен, есірткімен, уытқұмарлық пен ауыратын, психикасының бұзылуымен қасіреттенетін және басқа азаматтардың құқы мен бостандығына немесе қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдарды жәйлі құжаттарды және ұсынымдарды денсаулық сақтау органдарына жіберуге.

7. Учаскелік полиция инспекторы қызметінің нәтижелері туралы есеп беру

33. Учаскелік инспекторларды басқару жөніндегі бөлімдердің (бөлімшелердің) лауазымды адамдары жарты жылдың, жылдың қорытындысы бойынша жұмыс нәтижелері туралы баяндау хаттарын жазып жоғары тұрған ішкі істер органына жібереді. Баяндама хаттарына ПББ, ПБ, қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдерінің бастықтары, болмаған жағдайда бастықтардың қызмет жөніндегі орынбасарлары қол қояды және Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің Қоғамдық қауіпсіздік Департаментіне жарты жылдың, жылдық қорытындысы бойынша есеп беру кезеңінің 15 күніне ұсынылады.

34. Баяндау хаттары учаскелік инспекторлар жұмысының келесі бағыттағы толық және сенімді мәліметтерін құрауы тиіс:

- 1) қылмыстың жалпы күйі;
- 2) қайталану жағдайында жасалған және ішкіліктен, есірткіден масаң күйінде жасалған қылмыстарға талдау жасау, бұрын сотталғандармен профилактикалық жұмысты және әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру;
- 3) жанұялық - тұрмыстық қатынастық төңірегіндегі құқық бұзушылық және қылмыстық жағдайы;

4) қызметтің күйі:
есеп-тіркеу тәртібі, заңдылық, азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау бойынша;

әкімшілік практикасы бойынша;
жауап алуды іске асыру бойынша;

- 5) жедел-тергеу бөлімдерімен хабар-ошарсыз жоғалғандар және қылмыскерлерді іздестірудегі өзара іс-қимылы;
- 6) қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылы;
- 7) кадрлар жұмысының жағдайы;
- 8) учаскелік инспектор қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар;
- 9) жұмыстың алдыңғы қатарлы әдістері.

8. Учаскелік инспектор қызметін бағалау белгілері

35. Учаскелік инспекторлардың қызметін бағалау, келесі бағыттағы соңғы көрсеткіштерінің негізінде белгіленеді:

1) қоғамдық тәртіпті сақтауда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қ а т ы с у ы ;

2) әкімшілік құқық бұзушылықты және қылмыстардың алдын алуы;

3) әкімшілік аумағында жасырынған іздеудегі қылмыскерді ұстауға және анықтауға шара қолданғаны, жеке іздеушілікпен ашылған қылмыстар саны, қ ы л м ы с а ш у ғ а қ а т ы с у ы ;

4) азаматтарға және лауазымды адамдарға олардың құқықтары мен құқықтық мүдделерін қорғаудағы көрсеткен көмегі;

5) заңдылықтарды сақтауы;

6) есептеп-тіркеу тәртібін сақтауы;

7) атқарушылық тәртібінің жағдайы;

8) учаскедегі қалыптасқан жедел жағдайға және оны қалыптастыруға қ о л д а н ы л ғ а н ш а р а л а р ы н а ;

9) қоғамдық тәртіпті қорғауға азаматтарды қатыстыру және олармен сенімділік қарым-қатынас орнатуы.

36. Учаскелік инспектордың қызметін бағалау белгілерін есептеу әдісі Қазақстан Республикасы - Ішкіісминінің бұйрықтарымен сәйкестелген. Қорытынды бағалауда қалалық, аудандық учаскелік инспекторлардың қызметінің айырмашылық жағдайы ескерілуі тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с м и н і н і ң
2002 жылғы 14 желтоқсандағы
N 787 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л ғ е н
Тәртіпке N 1 қосымша

(ішкі істер органының атауы)

әкімшілік бөлімшесіне арналған N _____

ПАСПОРТ

Басталды 200__ж."__"_____

Аяқталды 200__ж."__"_____

Әкімшілік учаскені тапсыру мен қабылдау туралы МӘЛІМЕТТЕР

N	Полиция	Учаскені	Учаскені	Учаскені қабыл.	ПО басшысының,
p	учаскелік	қабылдау	тапсыру	дауға қатысқан	қабылдаушының
/	инспекторы.	датасы,	датасы,	басшының аты-	немесе тапсыру.
с	ның (аға	қолы	қолы	жөні, атағы,	шының ескертпе.
	инспекторы.			лауазымы	сі, ұсынысы
			н ы ң	а т ы - ж ө н і ,	
				а т а ғ ы)	
1 .	2 .	3 .	4 .	5 .	6 .

Учаске жоспары

(қосымша)

Учаске жоспарында әкімшілік учаскедегі қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы бағыттар, күштер мен құралдардың бағыты көрсетіледі.

Учаскені сипаттайтын

МӘЛІМЕТТЕР

N	Атауы	Жағдайы бойынша			
p/c		1.01.	1.01.	1.01.	1.01.
		200__ж.	200__ж.	200__ж.	200__ж.
1 .	2 .	3 .	4 .	5 .	6 .
1 .	Аумағы	(шаршы км.)			
2 .	Тұрғын үй	құрылысы (барлығы),			
	соның ішінде:	Жеке үйлер			
	Пәтерлер	Жатақханалар			
3 .	Тұрғын	халық, барлығы			
	Оның ішінде:	Ересектер			

Б а л л а р

- 4 . А у м а қ т а :
- кәсіпорын, мекемелер
 - акционерлік қоғамдар
 - фермерлік шаруашылықтар
 - денсаулық сақтау ұйымдары
 - мейрамханалар, дәмхана,
дүкен, базар, қоймалар
 - ақша айырбастау пункттері
 - б а н к т е р
 - байланыс бөлімшелері
 - о қ у о р ы н д а р ы
 - автотұрақтар, гараж коопе.
р а т и в т е р і
 - мәдениет сарайлары, клубтар,
кинотеатрлар және басқа да
спорт кешендері(спортзалдар)
о р н а л а с қ а н
5. Профилактикалық есепте тұрған
барлық адамдар

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, банктер, акционерлік қоғамдар, фермерлік шаруашылықтар, емдеу-сауықтыру, мәдени-ағарту және оқу орындары, жеке меншік пәтерлер кооперативтері

N Атау, Мекен-жайы Басшының аты-жөні, оның қызметтік Ескерт.
Р/с ведомст. және үй телефоны, тұрғылықты пелер
волық орныны, мекен-жайы
тиесілігі (қарындашпен толтырылады)

1 . 2 . 3 . 4 . 5 .

Сауда және тамақтандыру объектілері, мейрамханалар, дәмханалар, базарлар, қоймалар

N Атаулары, Мекен-жайы Басшының аты-жөні, Жұмыс Күзет
р/с ведом. оның қызметтік режимі түрі

стволық және үй телефоны,
тиесі. тұрғылықты орының
лігі мекен - жайы
(қ а р ы н д а ш п е н

толтырылады)

1. 2. 3. 4. 5. 6.

Жатақханалар

N Атаулары, Мекен- Коменданттың аты-жөні, Өткізу Тұрғындар
р/с ведомст. жайы оның қызметтік және үй пунктінің саны
волық телефоны, вахтаның теле. жұмыс
тиесілігі фоны (қарындашпен режимі
толтырылады)

1. 2. 3. 4. 5. 6.

**Рұқсат беру жүйесінің объектілері, оқатар қарулар, оқ дәрілер,
жарылғаш заттары және т.б. бар кәсіпорындар,
ұйымдар, мекемелер**

N Атаулары, Мекен- Объектілер үшін жауап. Өткізу Бақылауға Рұқсат
р ведом. жайы ты адамның аты-жөні, пункті. алынатын N, рұқ
/ стволық оның қызметтік және нің заттар сатты
с тиесі. үй телефоны, тұрғы. жұмыс қашан
лігі лықты мекен-жайы . режимі және
(қарындашпен толты. кім
рылады) берген

1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.

Жеке пайдалануында оқатар қарулары бар адамдардың ТІЗІМІ

N Қару иесінің Мекен- Жұмыс орны, Қарудың Рұқсат. Қайта Қаруды
р/с аты-жөні жайы лауазымы, N түрі ты қа. тіркеу алған
қызметтік және және кім датасы және
және үй те. жүйесі берген, тапсыр.

фоны(қарын. дашпен тол. тырылады)				нөмірі, мерзімі	ған датасы		
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.	8.

Штаттан тыс полиция қызметкерлері

N р/с	Тегі, аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы, қызметтік және үй телефоны (қарын. дашпен тол. тырылады)	Білімі	Тұрғылық. ты жері	ПО қабылдануы туралы датасы мен нөмірі
1.	2.	3.	4.	5.	6.

Құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдар

N р/с	Тәртіп сақтауға бағытталған қоғамдық құрылымдардың атаулары	Басшының аты-жөні, қызмет. тік және үй телефоны	Мүшелер саны	Дислокация	Ескертпе мекен-жайы
1.	2.	3.	4.	5.	6.

Әкімшілік учаскесінде жасалған қылмыстардың есебі

N р/с	Қылмыстық істің нөмірі, іс қозғалған датасы, ҚР Қ К	Жасалған қылмыстың фабуласы, күдікті, айыпталушы, жүрген адамның аты-жөні, жолын кесу шаралары	Тергеудің іздеуде және тірудің нәтижесі
1.	2.	3.	4.

Паспорт тексеру туралы белгілер

N р/с	Тексеруші адамның аты-жөні, лауазымы, атағы	Датасы	Тексеруші адамның ескертулері мен ұсыныстары	Кемшіліктер. ді жоюдың нәтижелері
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы
Ішкі іс министрінің
2002 жылғы 14 желтоқсандағы
N 787 бұйрығымен
бекітілген
Тәртіпке N 2 қосымша

Учаскелік инспектордың ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(ішкі істер органының атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

Басталды 20__ж. "__" _____
Аяқталды 20__ж. "__" _____
" Б е к і т е м і н "

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы, атағы)

20__ж. _____ арналған

(айы)

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

N р\с	Жоспарланған іс-шаралар	Мерзімі	Орындалуы туралы белгілер
1 .	2 .	3 .	4 .

Қазақстан Республикасы
Ішкі іс министрінің
2002 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 787 бұйрығымен

бекітілген

Тәртіпке №3 қосымша

**Азаматтарды қабылдау туралы тіркеу
ЖУРНАЛЫ**

(бөлімшенің атауы)

Басталды 20__ж. "__"_____

Аяқталды 20__ж. "__"_____

№	Арыз Мекен-	Арыз.	Арызды	Арызды орын.	Қабылдан.	ПО
р/с	Түс. беру.	жайы	дың	қараған	дауға қабыл.	ған шешім жетек
кен	шінің	қыс.	жетекші.	даған УПИ	және оны	шісі.
дата.	тегі,	қаша	нің	тегі, аты,	арыз беру.	нің
сы	аты,	маз.	аты,	әке. әкесінің	шіге ха.	тексер
әкесі.	мұны	сінің	аты	барлау жө.	гені	
нің аты	аты	аты	аты	ніндегі	жөнін.	
				белгілер	дегі	
				белгі		

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Қазақстан Республикасы

Ішкі іс министрінің

2002 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 787 бұйрығымен

бекітілген

Тәртіпке №4 қосымша

**УПИ байланысқа шыққаны туралы есеп
ЖУРНАЛЫ**

(бөлімшенің атауы)

Басталды 20__ж. "__"_____

Аяқталды 20__ж. "__"_____

Р	Байланысқа	Учаскелік	Хабардың	қысқаша	Жедел кезекшінің
е	шыққан	уақы.	инспектордың	мазмұны	Т.А.Ә-а.
т	ты мен	датасы	Т.А.Ә-а.		

№

1	2	3	4	5
Қазақстан		Республикасы		
Ішкі іс министрінің				
2002	жылғы	14	желтоқсан	
№	787	бұйрығымен		
бекітілген				
Тәртіпке №5 қосымша				
Істің ішкі бетінде басылады				
Алдын	алу	істеріндегі	құжаттар	
ТІЗБЕСІ				
1.	Істе	болатын	құжаттар	тізімдемесі
2.	Алдын алу ісін бастағаны жөніндегі	учаскелік инспектордың р а п о р т ы		
3.	Есептегі адамдармен жұмыс жоспары	(тоқсан сайын)		
4.	Бостандығынан айырған орындардан босағаны жөніндегі анықтаманың	к ө ш і р м е с і		
5.	Қадағалау	байланыс	схемасы	
6.	Есептегінің АЖКСО деректері бойынша арнайы тексеру талаптары			
7.	Аудандық, қалалық сот үкімдерінің көшірмесі	(үкімнің үзіндісі)		
8.	Есептегі адамды №18 нысан бойынша тіркеу туралы көші-қон	қ ы з м е т і н і ң р а п о р т ы		
9.	Ішкі істер органдарының бастамашылығы бойынша әкімшілік	қадағалау белгілеу үшін негіз болатын материалдар		
10.	Әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы ұсыныс көшірмесі			
11.	Әкімшілік қадағалауды белгілеу туралы сот қаулысы			
12.	Қадағалаудағыға шектеулер белгілеу туралы сот қаулысы			
13.	Қарауыл	карточкасының	көшірмесі	
14.	Әкімшілік қадағалау ережесін бұзғаны жөніндегі хаттама көшірмесі			
15.	Қадағалаудағыны әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы сот	қ а у л ы с ы		
16.	Мерзімін ұзарту туралы (әкімшілік қадағалаудағы шектеулерді өзгертіп)	ұсыныс	көшірмесі	
17.	Мерзімін ұзарту туралы (әкімшілік қадағалаудағы шектеулерді өзгертіп)	сот	қаулысы	
18.	Қадағалаудағының әкімшілік қадағалау ережелерін және белгіленген шектеулерді орындаудағы бақылау парақшасы			

19. Т і р к е у п а р а қ ш а с ы
20. Қадағалаудағымен әңгіме жүргізу туралы анықтамалар
21. Бағыт және бақылау парақшалары, бағыт және бақылау
парақшаларының түбіршектері
22. Ішкі істер органдарына, мекен-жай бюросында, ІІБ-нің ҚО-на
жіберілетін хабарламалардың (коррекция парақтарының) көшірмелері
23. Белгілеу үшін маңызы бар, әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын
және алдын алу істерін жүргізетін өзге де материалдар
24. Әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы ұсыныс көшірмесі
25. Әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы
26. Есептегі адамның тұрғылықты мекеніне және жұмысына барғандығы
ж ө н і н д е г і а н ы қ т а м а
27. Есептегі адамның жұмыс жоспарын орындау бойынша анықтама
28. Алдын алу ісін тоқтату туралы учаскелік инспектордың рапорты

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і н і ң

2002 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 787 б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Тәртіпке N 6 қосымша

Б Е К І Т Е М І Н

Қ А І І О б а с т ы ғ ы

200 ж. " " _____

№ БАҚЫЛАУ КАРТОЧКАСЫ

Жүргізу датасы 20__ж." ____"

Т і р к е у № ____ І І О А Б

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған датасы _____

Мекен-жайы, телефоны _____

Жұмыс орны, лауазымы _____

Отбасы құрамы _____

Картотекалық есепке қою үшін негіз _____

Сотталғандық (сотталған датасы мен жаза өтеуі, жаза түрі және мерзімі, ҚР ҚК бабы) _____

Сотталғандықтың жойылған датасы _____

Есептен шығу датасы _____

Учаскелік инспектор _____

Карточканың теріс жағы

Жіберілген құқық бұзушылықтар туралы мәлеметтер

Дата	Құқық бұзушылық түрі	Қолданылған шаралар
------	----------------------	---------------------

Жүргізілген жұмыстар жөніндегі белгілер

Дата	Жүргізілетін іс-шаралар	Жұмыс нәтижесі
------	-------------------------	----------------

Бақылау карточкасын тексеру туралы белгілер

Рет N	Тексерушінің аты-жөні, лауазымы, атағы	Тексерушінің ұсыныстары	Кемшіліктерді түзету нәтижесі мен ескертпелері	
1	2	3	4	5

Карточканың жоғарғы жолына есептеу санатының шартты белгілері енеді:

РС - бұрын сотталғандар және бас бостандығынан айыру орындарынан босағандар; АЛ - денсаулық сақтау органдарында есепте тұратын ішімдікке қатты салынған адамдар; Н - нашақорлар, наркологиялық диспансерде есепте тұратындар; СД - отбасы-тұрмыстық жағдайында құқық бұзушылыққа жол бергендер.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і н і ң

2002 жылғы 14 желтоқсандағы

№ 787 б ұ й р ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

Тәртіпке N 7 қосымша

**бақылау
ЖУРНАЛЫ**

карточкаларын

есепке

алу

(ішкі істер органының атауы)

Басталды 20__ж. " __ " _____

Аяқталды 20__ж. " __ " _____

N	Есептегі адамның	Жұмыс орны, лауазымы,	Тұрғы. лықты	Есеп. ке	Профилак. тикалық	Есептен шығару	Бақылау жүргізе.
p/c	Т.А.Әа.	қызметтік орны	орны	қою	есебінің түрі	датасы	тін учас.
		ж/е үй		дата.			келік
		телефоны		сы			инспек.
		(қарындаш.					тордың
		пен толтыр.					Т.А.Әа
	ылды)						

1

2

3

4

5

6

7

8
